



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына, «Ақ жол» партиясы
фракциясының мүшелеріне

2022 жылғы 17 маусымдағы № ДЗ-198 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің халық үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды ашуға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар талаптарының және оларды жасасу шарттарының ашықтығына қатысты

2018 жылдың қазан айынан бастап қатты пайдалы қазбалар саласындағы барлау мен өндіруге берілген лицензиялар туралы ақпарат және тұлғалар мен ұйымдар туралы мәліметтер Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (бұдан әрі – ИИДМ) www.gov.kz сайтында орналастырылған.

Бүгінгі таңда ИИДМ жер қойнауын пайдалану саласындағы өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасының (ӨСАБ) стандарттарына сәйкес 2022 жылдың соңына дейін 01.01.21ж. бері қайтты пайдалы қазбалар саласында жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мен лицензияларды жариялауды жоспарлап отыр.

Шетелдік инвесторлармен жасалған өнімді бөлу туралы келісімдерде (шарттарда) көрсетілген келісімдерде (шарттарда) қамтылған ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтау туралы Қазақстан Республикасының міндеттемесі көзделген.

Бұл ретте өнімді бөлу туралы келісімдерде (шарттарда) айтылған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының осы ақпаратты біржақты тәртіппен жария етуі халықаралық төреліктегі талқылауларға әкеп соғуы мүмкін, бұл төрелікке арналған мемлекеттік бюджет шығыстарынан басқа, ел үшін бедел тәуекелдеріне әкеп соғады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға отандық компаниялармен аралас бірлескен жобаларға қатысу шарттарын енгізу мәселесіне қатысты

Қазіргі уақытта жер қойнауын пайдаланушылар Энергетика министрлігінің жанынан көмірсутекті шикізат жөніндегі салалық ғылыми-техникалық кеңес құру мәселесін пысықтауда, оның құрамына құзыретті

қазақстандық ғалымдарды, мемлекеттік органдардың, тәжірибелі мамандарын, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, ұлттық компаниялардың, сондай-ақ салалық қауымдастықтардың өкілдерін тарту жоспарланған. Бұл ҒЗТКЖ жобаларын, оларды қаржыландыруды қоса алғанда бақылауға мүмкіндік береді және ҒЗТКЖ жобалары мазмұнының сапасын арттыру түріндегі оң ықпал етеді.

Негізгі қызметі 2021 жылғы қазанда басталған сәттен бері мұнай-газ машинасын жасауды дамытудың халықаралық орталығы (*бұдан әрі – Орталық*) алдағы 10 жылға арналған қажеттіліктер туралы 35 мыңнан астам деректерге талдау жасап, Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ кен орындарының барлық үш операторында тұрақты жоғары сұранысқа ие 19 басым тауарды айқындады. Осы тауарлар бойынша 23 өндіруші анықталды, оларға әлеуетін одан әрі дамыту үшін өңделген техникалық ерекшеліктер ұсынылды. Сонымен қатар, биылғы жылы операторлар осындай жұмыстар жүргізіліп жатқан жаңа тауар топтарын ұсынды.

Ағымдағы жылы Орталық Honeywell (АҚШ), PetroValves (Италия), Sigma Solutions (Қазақстан), elektro Servve (Малайзия) сияқты 4 халықаралық және отандық инвесторлармен келісімге қол қойды. Осы компаниялар жергілікті серіктестерімен бірге осы жылы температура түрлендіргіштерін және жарылыстан қорғалған орындалымды басқару жүйелерінің шкафтарын өндіруді, ілмекті арматура (клапандар) өндірісін және т.б. іске қосты.

Жабық келісімшарттарға қол жеткізуді ұсыну және қолданыстағы келісімшарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігі мәселесіне қатысты

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексіне сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың қолданылу мерзімінің аяқталуы бойынша оларды қайта жасасу үлгілік және модельдік келісімшарттар бойынша жүзеге асырылады. Қазір Президенттің тапсырмасы бойынша мемлекеттік органдар (*ИДМ және ЭМ*) жер қойнауын пайдалануға арналған барлық келісімшарттарға тексеру жүргізіп жатыр.

Ә. Смайылов



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам Мажилиса
Парламента Республики
Казахстан, членам фракции
партии «Ак жол»

На № ДЗ-198 от 17 июня 2022 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно раскрытия контрактов на недропользование для населения сообщая следующее.

Касательно прозрачности условий контрактов на недропользование и условий их заключения

С октября 2018 года информация по выданным лицензиям на разведку и добычу в сфере твердых полезных ископаемых и сведения о лицах и организациях размещены на сайте Министерства индустрии и инфраструктурного развития (*далее – МИИР*) www.gov.kz.

На сегодняшний день в соответствии со стандартами Инициативы прозрачности деятельности добывающих отраслей в сфере недропользования (ИПДО) МИИР до конца 2022 года планирует опубликовать все контракты и лицензии в сфере твердых полезных ископаемых, заключенные с 01.01.21г.

В соглашениях (договорах) о разделе продукции, заключенных с иностранными инвесторами, предусмотрено обязательство Республики Казахстан о сохранении конфиденциальности в отношении информации, содержащейся в указанных соглашениях (договорах).

При этом, раскрытие Республикой Казахстан данной информации в одностороннем порядке, за исключением случаев, оговоренных в соглашениях (договорах) о разделе продукции, может привести к разбирательствам в международном арбитраже, что помимо расходов государственного бюджета на арбитраж влечет за собой репутационные риски для страны.

Касательно вопроса включения в контракты на недропользование условия участия в смежных совместных проектах с отечественными компаниями

В настоящее время недропользователями прорабатывается вопрос по созданию отраслевого научно-технического совета при Министерстве энергетики по углеводородному сырью, в состав которого запланировано

привлечь компетентных казахстанских ученых, опытных специалистов, представителей государственных органов, субъектов частного предпринимательства, национальных компаний, а также отраслевых ассоциаций, что позволит контролировать проекты НИОКР, включая их финансирование, и окажет позитивное влияние в виде повышения качества содержания самих проектов НИОКР.

С момента начала основной деятельности в октябре 2021 года Международный центр развития нефтегазового машиностроения (*далее – Центр*) проанализировал более 35 тысяч данных о потребностях на следующие 10 лет и определил 19 приоритетных товаров, имеющих устойчиво высокий спрос у всех трех операторов месторождений Тенгиз, Кашаган и Карачаганак. По данным товарам определены 23 производителя, которым были предоставлены обработанные технические спецификации для дальнейшего развития их потенциала. Более того, в этом году операторами были рекомендованы новые товарные группы, по которым ведется аналогичная работа.

В текущем году Центром подписаны соглашения с 4-мя международными и отечественными инвесторами, такими как Honeywell (США), PetrolValves (Италия), Sigma Solutions (Казахстан), Elektro Serve (Малайзия). Данные компании совместно с местными партнерами в этом году запустили производство преобразователей температуры и шкафов систем управления взрывозащищённого исполнения, производство запорной арматуры (клапанов) и т.д.

Касательно вопроса возможности представления доступа к закрытым контрактам и внесения изменений и дополнений в действующие контракты

Согласно Кодексу «О недрах и недропользовании» по истечении срока действия контрактов на недропользование их перезаключение осуществляется по типовому и модельному контрактам. На сегодняшний день по поручению Президента государственными органами (*МИИР и МЭ*) ведется ревизия всех контрактов на недропользование.

А. Смаилов